

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Долинка кентінің құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Долинка кентінің әкімінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 мамырда № 28153 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Долинка кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Долинка кентінің келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) 1 линия көшесін - Сарыарқа көшесіне;
- 2) 2 линия көшесін - Нұрлы көшесіне;
- 3) 3 линия көшесін - Ұялы көшесіне;
- 4) 4 линия көшесін - Мәңгілік көшесіне;
- 5) 5 линия көшесін - Медеу көшесіне;
- 6) 6 линия көшесін - Береке көшесіне;
- 7) 7 линия көшесін - Достық көшесіне;
- 8) 8 линия көшесін - Тұлпар көшесіне;
- 9) 9 линия көшесін - Көктем көшесіне;
- 10) 40 лет Октября көшесін - Дінмұхамед Қонаев көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Долинка кентінің әкімі

А. Тусупов